

Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 462 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 шілдеде № 11768 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 26 шілдедегі № 332 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.07.2016 № 332 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына және 13-бабының 3-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Реттелетін нарық салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 01 шілдедегі № 199-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 05 шілдедегі № 125/НҚ бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8616 тіркелген, 2013 жылғы 20 қарашадағы № 257 (28196) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

2) "Табиғи монополиялар салаларындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 01 шілдедегі № 200-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер–Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 05 шілдедегі № 126/НҚ бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8617 тіркелген, 2013 жылғы 20 қарашадағы № 257 (28196) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи

монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамада белгілінген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

экономика

министрі

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан

Республикасы

Бас

прокуратурасының

Құқықтық

статистика

және

арнайы

есепке

алу

жөніндегі

комитетінің

төрағасы

С.

Айтпаева

2015

жылғы

29

маусым

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
2015 жылғы 27 маусымдағы
№ 462 бұйрығына
қосымша

Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Осы табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 343 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдармен (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қоспағанда) тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесіне сәйкес әзірленді, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9 0 3 3 2 т і р к е л г е н .

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, оның ішінде табиғи монополия субъектілері және (немесе) реттелетін нарық субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

2) табиғи монополияға және реттелетін нарыққа қатысты қызмет көрсететін саладағы тәуекел – жеке немесе заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зардап к е л т і р у м ү м к і н д і г і ;

3) тәуекел дәрежесін субъективті бағалау өлшемдері (бұдан әрі – субъективті критерийлер) – тексерілетін нақты субъекті (объект) қызметінің нәтижесіне қарай тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесінің бағалау критерийлері;

4) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерулерді белгілеу мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

3. Іріктеп тексерулер үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері субъективті критерийлер арқылы қалыптастырылады.

4. Іріктеп тексерулер жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге қатысты жүргізіледі.

Жоспардан тыс тексерулер және өзге бақылау мен қадағалау нысандары жоғары және жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге қатысты қолданылады.

5. Іріктеп тексеруді жүргізу саны жыла бір реттен жиі болуға тиіс емес.

Талдау мен бағалау кезінде тексерілетін нақты субъектіге қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті критерийлердің деректері қ о л д а н ы л м а й д ы .

6. Тәуекелдің дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлерін анықтау үшін мынадай ақпарат көздері қолданылады:

1) уәкілетті орган және (немесе) басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін тексерілетін субъектілері ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің н ә т и ж е л е р і ;

2) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптарын сақтамаған

жағдайда бұзушылық ауыртпалығының дәрежесі (өрескел, елеулі, шамалы) белгіленетін алдыңғы тексерулер нәтижелері;

3) жеке және заңды тұлғалардың расталған (негізделген) шағымдары мен өтініштерінің бар болуы және саны;

4) интернет-ресурстар мен және бұқаралық ақпараттар құралдарын талдау;

7. Ақпарат көздерінің негізінде осы Критерийлерге 1-қосымша сәйкес табиғи монополиялар субъектілері үшін және 2-қосымшаға сәйкес реттелетін нарық субъектілері үшін субъективті критерийлер анықталған.

8. Өрескел бұзушылық деп Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын бұзған жағдайда табиғи монополия субъектісі және (немесе) реттелетін нарық субъектісі негізсіз алған кіріс (түсім) танылады.

Өрескел бұзушылық анықталған кезде тексерілетін субъектіге тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші беріледі, бұл тексерілетін субъектіге қатысты тексеру жүргізуге негіз болып табылады.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесін анықтау үшін елеулі және шамалы дәрежесі талаптарының (индикаторлардың) жиынтық көрсеткіші есептеледі.

9. Елеулі дәрежесінің бұзушылықтары көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_3 = \left(\frac{\Sigma P_2 \times 100}{\Sigma P_1} \right) \times 0,7$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP_3 – елеулі дәреже бұзушылықтарының көрсеткіші;

ΣP_1 – тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеруге (талдауға) қойылатын елеулі дәреже индикаторларының жалпы саны;

ΣP

ΣP_2 – елеулі дәреженің бұзылған талаптарының (индикаторларының) саны.

Шамалы дәрежесінің бұзушылықтары көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_n = \left(\frac{\Sigma P_1}{\Sigma P_2 \times 100} \right) \times 0,3$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP_n – шамалы дәреже бұзушылықтарының көрсеткіші;

ΣP_1 – тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеруге (талдауға) қойылатын шамалы дәреже индикаторларының жалпы саны;

ΣP_2 – шамалы дәреженің бұзылған талаптарының (индикаторларының) саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (ΣP_3) 0-ден 100-ге дейін шкала бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Sigma P_n = \Sigma P_3 + \Sigma P_n$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP_n – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

ΣP

з – елеулі дәреже бұзушылықтарының көрсеткіші;

ΣР

н – шамалы дәреже бұзушылықтарының көрсеткіші;

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 60-тан 100-ге дейін болған кезде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізілгенде – елеулі тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болған кезде және оған қатысты жоспардан тыс тексерулер ғана жүргізілгенде – шамалы тәуекел дәрежесіне ж а т а д ы .

10.Іріктеп тексерулер жүргізілетін талдау мен бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға құрылатын іріктеп тексерулер тізімдерінің негізінде жүргізіледі, олар тиісті есепті жыл басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға ж і б е р і л е д і .

11.Іріктеп тексерулердің тізімдері:

1) субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің ең жоғары көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығы;

2) мемлекеттік органның тексеру жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды адамдарының жүктемесі ескеріле отырып жасалады.

Табиғи монополиялар
салаларындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
критерийлеріне
1-қосымша

Табағи монополия субъектілеріне арналған субъективтік критерийлер

Т а л а п т ы		Бұзушылық ауыртпалығының дәрежесі
Тексерілетін субъектілердің ұсынылған есіптілік мен ақпарат нәтижесі бойынша мониторингі		
1	Уәкілетті органның талап етуі бойынша қаржылық есептілік пен өзге де қажетті ақпаратты уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсынбау.	Ш а м а л ы
	Тариф салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып бекітілген жағдайда "Табиғи монополиялар және реттелетін нарыктар туралы" Қазақстан Республикасының	

2	Заңында белгіленген тоқсн (жыл) қорытындылары бойынша қызмет туралы а қ п а р а т т ы ұ с ы н б а у .	Ш а м а л ы
3	Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы есепті Заңда белгіленген мерзімде ұ с ы н б а у .	Ш а м а л ы
4	Тарифтік сметаны орындау туралы жыл сайынғы есепті Заңда белгіленген мерзімде ұ с ы н б а у .	Ш а м а л ы
5	уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, Заңда белгіленген мерзімде инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырмау.	Ш а м а л ы
6	Уәкілетті орган мен тұтынушыларды тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерн) төмендету туралы Заңда белгіленген мерзімде хабардар етпеу.	Ш а м а л ы
7	Өңірлік электр желісі компаниясының көрсетілетін қызметтердің нақты (өткен күнтізбелік жыл үшін) және жоспарланып отырған (алдағы күнтізбелік үш жылға арналған) шығынары мен көлемдері туралы, сондай-ақ негіздеуші материалдарды қоса бере отырып қызметтің техникалық-экономикалық көрсеткіштері туралы а қ п а р а т т ы ұ с ы н б а у ы .	Ш а м а л ы
8	Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлері және тарифтік сметалар қайта қаралған жағдайда, табиғи монополия субъектісінің тиісті талапты алған күннен бастап бір ай мерзімде экономикалық тұрғыдан негізделген есептерді және өзге де ақпаратты жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекіту үшін өтінім беру к е з і н д е г і д е й ұ с ы н б а у .	Ш а м а л ы
Өткен тексерулердің нәтижелері бойынша (ауыртпалық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді)		
9	Тұтынушылардың назарына тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгертілгені туралы ақпаратты, сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі жеткізу.	Ш а м а л ы
10	Мемлекет қатысатын кредиттік бюроға кредиттік ақпаратты табыс ету	Ш а м а л ы
11	Реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты қызметтерді көрсету кезінде табиғи монополия субъектісінің Заңда белгіленген мерзімде осы қызметті көрсететіні туралы хабарлама жіберу.	Маңызды
12	Табиғи монополия субъектісінің (бұдан әрі - Субъект) өндіріспен және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуымен, сондай-ақ Заңға сәйкес Субъект үшін рұқсат етілген қызметті жүзее асырумен байланысы жоқ мүлікке меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығына ие болу.	Маңызды
	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан, арнайы қаржы компанияларынан, жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу	

13	орталығынан, сондай-ақ таби и монополия субъектісі үшін <u>Заңда</u> рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан басқа, коммерциялық ұйымдардың акцияларының (қатысу үлестерінің) болуы немесе олардың қызметіне өзге жолмен қ а т ы с у ы .	Маңызды
14	Реттеліп көрсетілетін қызметтерд тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын жеке меншік құқығымен немесе заңды негізде өзгеше тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға, лизингті қоса алғанд, мүліктік жалдау (жалға беру).	Маңызды
1	Ұынлатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын басқаға беру.	Маңызды
16	Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты емес шығындарды олардың тарифтеріне (бағаларға, алымдар мөлшерлмлеріне) немесе олардың шекті деңгейіне енгізу.	Маңызды
17	Белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражатты мақсатсыз пайдалануға жол беру.	Маңызды
18	Тарифтік сметада қамтылатын, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату шығындары және ақы алу тетігі, реттеліп көрсетілетін коммунадық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу және орнату туралы ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (ауарлар, жұмыстар) туралы ақпаратты коммерциялық құпия деп тану.	Маңызды
19	Неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмғн бөлігінің кемінде елу пайызын жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жанартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта ж а р а қ т а н д ы р у ғ а бағыттау.	Маңызды
20	<u>Заңда</u> және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыру.	Маңызды
21	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек е с е б і н ж ү р г і з у .	Маңызды
22	Т а р и ф т і к с м е т а н ы о р ы н д а у .	Маңызды
	Уәкілетті орган бекіткен үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сонда-қ реттеліп	

23	көрсетілетін өзге де қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасу.	Маңызды
24	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ынтымақтастықтың үлгі шарттарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару органымен реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне ынтымақтастық шарттарын жасасу.	Маңызды
25	Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгертіліп, соның нәтижесінде Субъект шығындарының құны азайған жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендету.	Маңызды
26	Мүлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен айыру.	Маңызды
27	Субъектілердің реттелетін қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесін әзірлеу және келісу.	Маңызды
28	Белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындау және инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделген қаражатты қолда бар активтерді қалпына келтіруге, жаңартуға, кеңейтуге, қолдауға, негізгі құралдарды реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға басымдықпен бағыттау.	Маңызды
29	Нормативтен тыс ысыраптардың болуына жол беру.	Маңызды
30	Нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін уәкілетті орган белгілеген шамаға және мерзімге төмендету.	Маңызды
31	Уәкілетті органға Заңның <u>18-1-бабында</u> көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы қолдаухатты немесе алдын ала хабарламаны ұсыну.	Маңызды
32	Өңірлік электр желісі компаниясының тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты тұтынушының назарына <u>Заңда</u> белгіленген мерзімде жеткізуі.	Маңызды
33	Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуден алынған қаражатты тікелей тұтынушыларға не тұтынушының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төмендету жолымен қайтару.	Маңызды
34	Субъектіні мемлекеттік қайта тіркеу, сондай-ақ оның қызметін тоқтатуды тіркеу туралы Субъектінің өтінішіне уәкілетті органның алдын ала келісімінің болуы.	Маңызды

35	Кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ тиісті лицензияның негізінде лицензиялануға жататын іс-әрекеттерді жүзеге асыру бөлігінде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" ҚР <u>Заңын</u> бұзу.	Маңызды
36	Жаңадан құрылған Субъектілер үшін өтінімдерді қарауға <u>Заңда</u> белгіленген мерзімде оларды ұсыну.	Маңызды
37	Теттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бойынша ұсыну.	Маңызды
Жеке және заңды тұлғалардың расталған (негізді) шағымдары мен өтініштерінің болуы және саны		
38	"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы <u>Заңында</u> (бұдан әрі – Заң) рұқсат етілген, уәкілетті органнан алынған келісімнің негізінде өзге қызметтен басқа қызметтерді жүзеге асыруға салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
39	Уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы алуға салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
40	<u>Заңда</u> көзделмеген қосымша ақы алу немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жоқ (қаржылық қаражаттарды және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны беру) қосымша міндеттемелерді өзге түрде тану жөнінде салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
41	Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасауға салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
42	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін жосықсыз тұтынушылардың төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан бас тартуға салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
43	Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы талап етуге салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
44	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тұтынушыларына реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын, мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
45	Тұтынушыларға ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін олардан өз қассалары, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар,	

	интернет-ресурстар және (немесе) терминалдар арқылы төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге салынған тыйымды сақтамау.	Маңызды
46	Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынабау.	Маңызды
47	Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінен аспайтын бірыңғай тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) деңгейлері бойынша ұсынабау.	Маңызды
48	Тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алмау және оларды тұтынушыларға орнатпау.	Маңызды
49	Есептеу аспабы істен шыққан жағдайда, есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақы өндіріп алмау.	Маңызды
50	Реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеу.	Маңызды
51	Заңның 7-бабының <u>3-1)</u> тармақшасында көзделген жағдайды ескере отырып, уәкілетті орган бекіткен тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейлері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер ұсынбау.	Маңызды
52	Тұтынушыларға қызметтер көрсету стандарттарын сақтамау.	Маңызды
Ресми интернет-ресурстардың және бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері бойынша		
53	Акционерлік қоғамдар болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғи монополия субъектісінің интернет -ресурсында орналастырып және мерзімді баспасөз басылымдарында жариялап, табиғи монополия субъектілері үшін жыл сайынғы міндетті аудитті жүргізбеу.	Маңызды
54	Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті орналастырмау.	Маңызды
55	Тоқсан сайын өзінің интернет-ресурсында бос және қолжетімді қуаттылықтардың, сыйымдылықтың, орындардың, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) желілерінің өткізу қабілеттері, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар схемасының бар екендігі туралы ақпаратты орналастырмау.	Маңызды
56	"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының <u>Заңына</u> сәйкес инженерлік коммуникациялар туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында беруді қамтамасыз етпеу.	Маңызды

57	Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі қызметі туралы негіздемелерімен және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыра отырып, жыл сайын есеп беруді жүргізбеу.	Маңызды
58	Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тұтынушыларды инвестициялық бағдарламалардың (жобалардың), тарифтік сметалардың орындалу барысы туралы өзінің интернет-ресурсы не уәкілетті органның интернет-ресурсы арқылы жарты жылда бір рет хабардар ету.	Маңызды

Реттелетін нарықтар
салаларындағы тәуекел дәрежесін
бағалау критерийлеріне
2-қосымша

Реттелетін нарық субъектілеріне арналған субъективтік критерийлер

№	Талапты	Бұзушылық ауыртпалығының дәрежесі
Тексерілетін субъектілердің ұсынылған есіптілік мен ақпарат нәтижесі бойынша мониторингі		
1	Уәкілетті органға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсыну.	Шамалы
2	Уәкілетті органға уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ай сайынғы ақпаратты ұсыну.	Шамалы
3	Реттелетін нарықтардағы баға белгілеу тәртібіне сәйкес шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын орындау.	Маңызды
4	Уәкілетті органға оның талап етуімен бағаға сараптама жүргізу үшін қажетті ақпаратты уәкілетті орган белгілеген, реттелетін нарық субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде ұсыну.	Маңызды
5	Уәкілетті органға, шекті бағада ескерілген, кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы туралы жартыжылдық ақпаратты уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей ұсыну.	Маңызды

Өткен тексерулердің нәтижелері бойынша (ауыртпалық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді)		
6	Алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары өсетіні және өсу себептерін растайтын (реттелетін нарықтарда үстем немесе монополиялық жағдайға ие емес бөлшек сауда нарығы субъектілерін қоспағанда) негіздемелік материалдарды ұсына отырып, олардың өсу себептері туралы кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде немесе уәкілетті органның электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы электрондық құжат түрінде уәкілетті органды хабардар ету.	Маңызды
7	Уәкілетті органға бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген немесе өнімдердің, тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатураға енгізілген күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, баға деңгейін растайтын негіздемелік материалдарды қоса бере отырып, босату бағалары туралы ақпаратты ұсыну.	Маңызды
8	Кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ тиісті лицензияның негізінде лицензиялануға жататын іс-әрекеттерді жүзеге асыру ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңны).	Маңызды
9	Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу тәртібін сақтауға.	Маңызды
10	Алынған және шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылмаған табысты тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, реттелетін нарықтарда баға белгілеу тәртібіне сәйкес алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету арқылы қайтару.	Маңызды
Жеке және заңды тұлғалардың расталған (негізді) шағымдары мен өтініштерінің болуы және саны		
11	Шекті бағаны негізсіз көтеру нәтижесінде алынған кірісті тікелей тұтынушыларға уәкілетті орган мұндай фактіні анықтаған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей не тұтынушылардың толық тізбесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, реттелетін нарықтардағы баға белгілеу тәртібіне сәйкес алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету жолымен қайтару жөніндегі талапты сақтау.	Маңызды